

Құрманғазы ауданының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы

Атырау облыстық әкімиятының 2007 жылғы 27 маусымдағы N 161 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 4 шілдедегі N 451-III шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2007 жылғы 23 шілдеде N 2497 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабы 4-тармақшасына, облыстық ономастикалық комиссияның 2007 жылғы 8 маусымдағы қорытындысы, Құрманғазы ауданы әкімиятының 2007 жылғы 10 сәуірдегі N 102 қаулысы мен аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 350-XXXIX "Приморье селолық округінің атауын өзгерту туралы" шешімі, Құрманғазы ауданы әкімиятының 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 101 қаулысы мен аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 349-XXXIX "Бірлік селолық округіне қарасты Богатый елді мекенінің атауын Амангелді деп өзгерту туралы" шешімі, Құрманғазы ауданы әкімиятының 2007 жылғы 10 сәуірдегі N 100 қаулысы мен аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 348 XXXIX "Көптоғай селолық округіне қарасты Рембаза елді мекенінің атауын Балықшы деп өзгерту туралы" шешімі, Құрманғазы ауданы әкімиятының 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 114 қаулысы мен аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 353-XXXIX "Кудряшов селолық округіне қарасты ММС елді мекенінің атауын Арна деп өзгерту туралы" шешімі негізінде облыс әкімияты қаулы етеді және облыстық мәслихат ш е ш і м е т т і :

1. Құрманғазы ауданы бойынша:
Приморье ауылдық округі - Теңіз ауылдық округі;
Бірлік ауылдық округінің Богатый елді мекені Амангелді елді мекені;
Көптоғай ауылдық округінің Рембаза елді мекені Балықшы елді мекені;
Кудряшов ауылдық округінің ММС елді мекені Арна елді мекені болып қайта а т а л с ы н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы әкімінің 10.10.2014 № 315 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 325-V бірлескен шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) .

2. Осы қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың
XXV сессиясының төрағасы*

Облыс әкімі

Облыстық мәслихаттың хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК